

Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалдау ақысы мөлшерлемесінің есебінің тәртібін анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 34 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 наурызда N 3143 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы N 21 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 01.02.2016 N 21 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50 тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалдау ақысы мөлшерлемесінің есебінің тәртібі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Тұралинов

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар
ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02 ақпан №
34 қаулысына қосымша

Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалдау ақысы мөлшерлемесінің есебінің тәртібі

1. Мемлекеттік үй-жайларды мүліктік жалға беру ақысын есептеу мөлшерлемесін белгілеу

Жылдық жалдау ақысы 1 шаршы метр үшін төмендегідей анықталады:

$$A_{п} = C \times S \times K1 \times K2 \times K3 \times K4 \times K5 \times K6;$$

мұнда: Ап – үй-жайды жылына пайдалану мөлшерлемесі;
С – мүліктік жалдаудың базалық мөлшерлемесі мемлекеттік үй-жайдың 1 шаршы метрі жылына 1,5 айлық есептік көрсеткішпен теңестіріледі
S – жалдау ауданы, шаршы метр;

№ р/ с	Коэффициент түрі	Коэффициента көлемі
1	Құрылым түрін ескеретін коэффициент К1:	
	1) әкімшілік	1
	2) өндірістік	0,8
	3) қойма, гараж, қазандық	0,6
	4) спорттық ғимараттар (стадиондар, спорттық залдар)	0,7
2	Инженерлік желілер мен коммуникацияларды ескеретін коэффициент К2:	
	1) Барлық инженерлік-техникалық қондырғылары бар үй-жайларына арналған қандай да бір коммуникациялар болмаған жағдайда әр түрі үшін 0,1 кемиді	1,0
3	Үй-жайдың жайлылығын ескеретін коэффициент К3:	
	1) Ғимарат немесе ғимараттағы үй-жай	1,0
	2) жапсарлас-жанаса салынған бөлігі	0,9
	3) ғимараттың нөлдік қабаты (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	4) жертөле үй-жайы	0,4
4	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент, К4:	
	1) сауда-коммерциялық және жабдықтаушы-сатушы қызмет (өндірістік, өнеркәсіптік және аралас тауарлар, дәріхана және дәріхана пункттері), банктік қызметтер, полиграфиялық қызметтер, брокерлік қызмет, сақтандыру және инвестициялық компаниялар, нотариалдық және адвокаттық кеңселер, зейнетақы қорлары, айырбастау пункттері	3,0
	2) коммуникациялық қызметтер, соның ішінде байланыс қызметтері, автоматандырылған телефондық станция	0,7
	к ы з м е т к ө р с е т у :	
	3) тұрмыстық және мәдени-демалыс қызметтері, тренажер залы, фитнес-клубтар, ТҚС, ш е б е р х а н а л а р	2 , 0 1,0
	4) жерлеу қызметтері, кітапты жалға беру	
	қоғамдық тамақтандыру саласындағы қызмет:	3 , 0
	5) дәмхана, мейрамхана	1 , 5
	6) буфет және асхана	0,5
	7) білім мекемелеріндегі буфет пен асхана	
	8) білім саласындағы қызмет көрсету (мектептен тыс, оқушыларға арналған үйірме қызметі, компьютерлік сыныптар), балалар мен жасөспірімдерге арналған дене шынықтыру және спорт үйірмелері, денсаулық сақтау және мәдениет	1,0
	9) 4. тармақта көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда, қызмет түрлері үшін	1,9
5	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық формасын ескеретін коэффициент К5:	
	1) жеке меншік формалары жеке құрылымдарға арналған (шектеулі жауапкерлік серіктестіктері, акционерлік қоғамдар)	
	2) қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар үшін	
	3) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп қызметін ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету дамуы, ерекше сауда-саттық (делдалдық) қызметті мемлекеттік мекемелер үшін	2 , 0 1 , 5 0 , 9
	4) бюджеттен қаржыландырылатын және әкімдіктің коммуналдық меншігіндегі басқа да бюджет деңгейіндегі мүлік жалдаушыларға	Жалдау ақысын алмай

5) бюджеттен қаржыландырылатын және әкімдіктің коммуналдық меншігіндегі тиісті бюджет деңгейіндегі мүлік жалдаушыларға және аудандық коммуналдық кәсіпорындарға	0,5 1,0
6) қайырымдылық бірлестіктер	
7) жоғарыдағы есепке алынбағандардан өзгелер үшін	
6 Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент, Кб:	
1) аудандық орталық	1,0
2) ауылдық елді мекендер (аудандық орталықтан басқа)	0,5

2. Көлік құралдарын, құрылыс, жұмыс және ауыл шаруашылық машиналарды, жабдықтарды, инженерлік желілерді, коммуникацияларды және басқа да мемлекеттік коммуналдық меншік мүлкін, мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін есептемегенде, мүлктік жалға беру ақысын есептеу.

Есептеу мөлшерлемесін формула арқылы анықтау:

$$A_p = C \times NAM / 100 \times K_n,$$

мұнда A_p – жалдау ақысының жылдық мөлшерлемесі;

C - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны. 100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдары мен басқа да тұтынылмайтын заттарды мүлктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

NAM - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

K_n - төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады - 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,5 мөлшерінде). Мемлекеттік мекемелерге көліктер мен құрал жабдықтарды ұсынған жағдайда көлемі 0,0.

Бір ретті іс шаралар өткізгенде жалдау ақысының мөлшерлемесі 100,0 тенгені орналасқан шаршы метрге көбейтіп есептеледі.